

**Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-
интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
Хаттамасы №4**

Жиыналыстың өткен мерзімі: 29.05.2024ж.

Қатысқандар: 12 адам

Өткізілу форматы: онлайн

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысын қорытындылау
2. Мектеп-интернат қызметіндегі кездесетін кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар жасау.

Тыңдалды:

1. Білім беру ұйымының басшысы Ж.Т.Ахмедов мектеп оқушыларының қосымша біліммен қамтылуы да қанағаттанарлық, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында салауаттылыққа тәрбиелеу, шығармашылығын ұштауда қосымша білім беру жетекшілері яғни мектептегі он үйірме жыл бойы үздіксіз жұмыс жасауда. Жалпы биылғы оқу жылындағы оқушылардың жан жақтағы білім сайыстары, олимпиадалар жеңімпаздарының жүлдемен оралуына осы жетекшілердің де зор үлесі бар деп есептеймін. Оқушылардың жетістіктерін саралай келе жасалған ұсынысты бірауыздан қолдаймын. Әр оқушы өз деңгейін жоғары көрсетсе, алуға лайықты деп танылған оқушылар өз дәрежесіне сай өзіне лайықты бағаны алуы тиіс екендігін айтып өтті.

2. Білім беру ұйымының басшысы Ж.Т.Ахмедов сөз соңында 2023-2024 оқу жылында болған кейбір кемшіліктерді атап өтті. Алдағы оқу жылында кемшіліктердің болмайтынын айтып, кеңесті аяқтады.

Шешімі:

1. Мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасын нығайту күшейтілсін.
2. Әлеуметтік осал топтан шыққан, отбасылық жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген жанұяның балаларына қажеттілігіне қарай көмек ұйымдастырылсын.
3. Оқушылардың қала сыртындағы лагерьге баруы қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы :  Ж.Т.Ахмедов

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Ж.Қ.Лесбаева

